


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,**
Н. Аитова (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,**
С. Жанжігітов

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М. Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э. Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы: Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

Н.А. Қуанышбаева

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты,
Астана, Қазақстан.*

nazerke.kuanyshbaeva@mail.ru

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ БАЛАЛАР ПОЭЗИЯСЫ: ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ
МЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**
(«Оқуға шақыру» өлеңінің негізінде)

Аннотация: В статье рассматривается место Ахмета Байтурсынова в детской литературе, а также жанровые особенности и методика преподавания его стихотворения «Призыв к обучению». Проанализированы содержание и структурные особенности стихотворения, раскрыты его воспитательные, дидактические и эстетические аспекты. Автор подробно анализирует каждую строфу стихотворения, выделяя основные идеи, призывающие детей к труду, обучению и уважительному отношению к природе. Значительная часть статьи посвящена методическим подходам к преподаванию стихотворения «Призыв к обучению». В данном разделе рассматривается эффективность таких методов, как объяснительный, использование творческих заданий, видеоматериалов и иллюстраций. Особое внимание уделяется связи данного произведения с творчеством Ибрая Алтынсарина и его значению в национальном воспитании. Через передачу подрастающему поколению важности знаний и труда подчеркивается особая роль творчества Ахмета Байтурсынова в формировании казахской литературы и культуры, а также в развитии казахской детской литературы.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынов, обучение, детская поэзия, жанровые особенности, методика преподавания, национальное воспитание, труд, природа.

Abstract: This article examines the place of Akhmet Baitursynuly in children's literature and analyzes the genre-specific features and teaching methodology of his poem "Oquğa Shaqyru" ("A Call to Learning"). The content and structural characteristics of the poem are explored, highlighting its educational, didactic, and aesthetic aspects. The author provides a comprehensive analysis of each stanza, emphasizing the poem's core messages that encourage children to value labor, pursue education, and respect nature. Additionally, a significant focus of the article is on proposing methodological approaches to teaching the poem. This section discusses the effectiveness of explanatory methods, creative tasks, and the use of visual aids such as videos and illustrations. The poem's connection to the works of Ybyrai Altynsarin and its role in promoting national values are also given special attention. By conveying the importance of education and labor to the younger generation, the study underscores the unique contribution of Akhmet Baitursynuly's works to Kazakh literature, culture, and the development of Kazakh children's literature.

Keywords: Akhmet Baitursynuly, learning, children's poetry, genre-specific features, teaching methodology, national education, labor, nature.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілі мен әдебиетінің негізін қалаушы тұлғалардың бірі, соның ішінде біз қарастырып отырған балалар әдебиетінің дамуына да өлшеусіз үлес қосқан. Қазақтың жас буынын білімге, еңбекке және адамгершілікке тәрбиелейтін тендессіз туындылар жазды. Солардың бірі және бірегейі – «Оқуға шақыру» атты өлеңі. Аталмыш өлең – балалар поэзиясының жарқын үлгісі, онда оқуға, еңбек етуге және табиғатпен үйлесімде болуға үндейтін жауһар поэзия. Өлеңнің мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін талдау оның тәрбиелік құндылығын ғана емес, оқыту әдістемесіндегі маңызын да айқындайды. Ахмет Байтұрсынұлының бұл шығармасы ұрпақ тәрбиесіне бағытталған ұлттық әдебиеттің асыл қазынасы екені даусыз. Өлеңдегі ұлттық құндылықтар, қазақ балаларының оқуға құштарлығын арттыратын тұшымды ойлар, сөзіміздің дәлелі. Ахмет Байтұрсынұлының оқуға шақыруы жалған ұранға емес, шынайы мейірбандылыққа құрылған. Ахмет Байтұрсынұлының балаларға арналған бұл өлеңі – ұлттық тәрбиенің негізін салатын туындылардың бірі. Бұл өлең жанрлық тұрғыдан балалар поэзиясының айқын үлгісі болып, оның тәрбиелік, эстетикалық, және дидактикалық қырларын тереңірек ашады.

Өлеңнің басы мен аяғында артық сөз жоқ: тармақтағы әрбір сөз өз миссиясын атқарып тұр. Өлеңнің алғашқы шумағын зерделеп көрсек.

Балалар!
Оқуға бар!
Жатпа қарап!
Жуынып, киінін­дер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап [1, 3].

Шумақтың негізгі тақырыбы – оқуға үндеу және жауапкершілікке шақыру. Ахмет Байтұрсынұлы балаларды әрекетке итермелейтін жігерлі үндеумен бастап, оқудың маңызын алғашқы жолдардан-ақ көрсетеді. Мұнда тәртіп пен уақытты тиімді пайдалану қажеттігі байқалады. Шумақтағы көркемдік ерекшеліктер өлеңнің поэтикалық қуатын одан сайын арттырған. "Балалар!" деп тікелей оқырманға арнаумен басталады. Бұл тәсіл балаға әсер етіп, оның назарын бірден аударады. "Оқуға бар!" және "Жатпа қарап!" деген бұйрық райлы тіркестер балаға нақты әрекет жасау керектігін жеткізеді. Жеткізер ойын басқа сөз тікестермен қайталау арқылы өлеңнің мазмұны күшейе түскен. Сонымен қатар, "Шапшаңырақ!" сөзі арқылы автор балаларды әрекетті кідіріссіз жасауға шақырады. Бұл қазақ халқына тән еңбекқорлық пен жинақылық қасиеттерін дәріптейді. Шумақтағы тәрбиелік мазмұн әр жолдың эстетикалық және этикалық әлеуетін көрсетеді. Балаларды белсенділікке, жинақылыққа, және уақытты тиімді пайдалануға тәрбиелейді. "Жуынып, киінін­дер шапшаңырақ!" жолы балалардың күнделікті тәртіпке бейімделуін ғана емес, тазалық пен жинақылыққа баулуды көрсетеді. Әл-Фарабидің "Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы" [2, 44] деген нақыл сөзі Ахмет Байтұрсынұлының "Оқуға шақыру" өлеңінің мазмұнымен үйлеседі. Сонымен қатар Әл-Фарабидің «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» атты еңбегінде: «...Ақындар өлең жазуда кемелденгенімен не баландығымен айрықшаланады: бұл құбылыс шайыр ойының әсерімен, не оқиға өрбітумен, не өлең тақырыбына байланысты пайда болады» [3, 75], - деген сөзінде ақындардың даралығы ақын ойының әсерімен қалыптасатындығы баяндалады. Ахмет Байтұрсынұлының кемелдігін өлеңнінен де, болмысынан да сөзінен де анық байқай аламыз. Жоғарыдағы шумақта автор білімге ұмтылуды ғана емес, еңбекқорлыққа, тәртіпке, және жинақылыққа баулудың маңызын алға тартады. Осы қасиеттердің түп қайнар көзі тәрбиеден бастау алады.

Өлеңнің келесі шумағында Ахмет Байтұрсынұлы салыстыру әдіс-тәсілін қолданады. Басқа да тіршілік иелерінің құр жатпай, тырмысып тіршілік етіп жатқанын тілге тиек етеді.

Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға [1, 3].

Бұл шумақ Ахмет Байтұрсынұлының балалар поэзиясы жанрындағы тәрбиелік мазмұнын әрі ой тереңдігін көрсетеді. Өлеңде табиғаттағы тіршілік иелерінің еңбекқорлығы суреттеліп, еңбекке, жұмысқа деген оң көзқарас қалыптастырылады. Негізгі идеясы – еңбекқорлық пен әрбір тіршілік иесінің өз орнын табуы. Ахмет Байтұрсынұлы барлық тіршілік иелерінің бірде-біреуі жұмыссыз тұрмайтынын нығыздап айтады. Табиғаттың әртүрлі құбылыстары арқылы еңбек пен жігердің маңызды екендігі өлең тілімен өріледі. Бұл шумақ балаларға тек адамның ғана емес, табиғаттағы барлық тіршілік иелерінің еңбек етуін көрсетіп, жақсылыққа баулиды. Жас буынға еңбек ету мен белсенділік тек адамға тән қасиет емес екенін, барлық тіршілік иелерінің бұл жолда өзінің үлесін қосып жатқанын жеткізеді. Сондай-ақ, өлеңдегі қарапайым тіл мен бейнелі сөздерде үлкен тәрбиелік мағына жатыр. "Ұшқан құс," "жүрген аң," "қоңыз" сияқты тіркестер балалардың қиялын ұшқыр етіп, жас буынның табиғатқа деген қызығушылығын, қамқорлығын арттырады. Бұл шумақ көркемдігі жағынан аллегориялық тәсілмен қаруланған. Әрбір табиғат бейнесі, мысалы, "қоңыз" мен "ара" сияқты кішкентай тіршілік иелері үлкен мақсатқа қызмет ететінін көрсетеді. Бұл аллегория балаларға үлкен дүниедегі әрбір нәрсенің өз орны бар екенін үндейді. Бұл – тек баланың еңбекке деген қарым-қатынасын қалыптастырып қана қоймай, жалпы табиғаттың үндестігін ұғындыру үшін темірқазық болары айқын. Өлеңнің келесі шумағы да осы сынды табиғатпен үйлесім тапқан.

Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,
Оянып жан-мақұлық түнде қонған,
Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы,
Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған [1, 3].

Бұл шумақ Ахмет Байтұрсынұлының балалар поэзиясындағы табиғат пен өмірді көрсету тәсілінің бір көрінісі болып табылады. Өлеңде табиғаттың әртүрлі құбылыстары мен дыбыстары баланың қиялын дамытуға, әлемді түсінуге және айналасындағы өмірге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Табиғаттың жанданып түрленуі мен өзіне тән динамикасы бедерленген. Күннің ашық болуы, тоғайдың сипаты мен орманның түрлі ғажайып үні арқылы ақын табиғаттың тірі екендігін меңзейді. Өлеңде табиғат пен жан-жануарлар арасындағы үндестік сипатталады. Таңертеңгі табиғаттың сергек күйі, ормандағы тіршіліктің басталуы, түрлі дыбыстар мен қозғалыстар бір-бірімен шебер үйлесім тапқан. Мұның барлығы тіршілік етудің қуаты мен сұлулығын, адамның табиғатпен байланысын көрсету мақсатында жазылған. Тоғай, орман, тоқылдақ, сарғалдақ сияқты табиғат бөлшектерін бейнелеп, барлық тіршілік иелерінің өзіндік рөлі мен маңызын айқындайды. Табиғаттағы әрбір құбылыс тірі және белсенді, ол барлық тіршілік иелерімен бірге бір бүтін болатынын жеткізеді. Өлеңдегі "ың-жың орман" – ормандағы барлық қозғалыстар мен дыбыстардың біртұтас үндестігін білдіреді.

"Тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы" мен "Сарғалдақтың сыңғырлаған" – нақты дыбыстардың үн бейнесі ғана емес, сонымен бірге олардың табиғаттың үздіксіз қозғалыстағы өмірге бағытталын символдық бейнелер екенін баяндайды.

Өлеңнің соңғы бөлігінде ақын табиғат пен адамның іс-әрекеттерін, олардың өмірдегі қызметін жинақтап, адамгершілік, еңбекке баулу және оқуды насихаттау мақсатында өзекті ойды жеткізеді.

Өзенде балықшылар ау қарап жүр,
Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған.
Аллалап, ал кітапты қолдарыңа!
Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған [1, 3].

Бұл шумақта табиғаттың тіршілік тынысы мен адамның еңбек жүйесі көрсетіледі. Өлеңде адамның еңбек етуге деген құлшынысы мен білім алу қажеттілігі қозғалады. Мұнда тіршіліктің әртүрлі көріністері арқылы еңбектің маңызы мен оқудың құндылығы қатар айтылады. Шумақтағы дыбыстық қайталау мен параллельді құрылымдар, метафоралар мен символдық ерекшеліктер өлеңнің түйінін әспеттеп тұр. Атап айтатын болсақ, "орақ даусы" мен "шаң-шұң орған" тіркестері арқылы еңбектің айқын көрінісі суреттелген. «Балықшылар ау қарап» – еңбектің тыныш, бірақ мақсатты түрін айшықтайды, ал «орақ даусы» - қарбалас жұмыс жағдайын көз алдыңызға әкеледі. Сонымен қатар, кітапқа шақыру мен жалқаулықты сынау арқылы ақын білім мен еңбек арасында тікелей байланыс жасайды. Шумақтағы соңғы екі тармақ құдай мен адам арасындағы қарым-қатынасқа арналған. Философиялық элементтер арқылы өлеңді қорытындылайды. Жалқаулықты құдайдың сүймейтіні, бірақ еңбекқорлық пен білімге ұмтылудың маңызды екенін көрсету арқылы ақын адамгершілік қасиеттерге басымдылық беріледі. Осы тармақтар Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар оқылық» өлеңімен үндеседі. Өлеңнің басқы бөлігіне зер салатын болсақ:

Бір Аллаға сиынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.
Істің болар қайыры
Бастасаңыз аллалап [4, 12].

Ыбырай Алтынсариннің "Кел балалар оқылық" өлеңінде Құдай сөзі білім мен тәрбиеге байланыстырып айтылған. Ақын балаларды оқуға шақыра отырып, олардың дұрыс жолға түсуі үшін Құдайға сиынуды баса айтады. Бұл шумақта ақын балаларға оқудың Құдайдың жолын таңдаумен тең екенін меңзейді. Білім арқылы адамның рухани деңгейі артып, ол өмірге дұрыс

көзқараспен қарайды деп саналады. Құдайға сиыну, білім алу — өмірдің дұрыс жолына қадам басу деп ұқтырады. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «Сөздің басы бісміллә, бісмілләсіз іс қылма» деген ұғым бекер айтылмаса керек [5, 52]. Екі өлеңде де «Аллалап» сөзі кездеседі. Алланы ұмытпаған тіршілік иесі оның ішінде адам баласының әрекеті Құдай қалаған жолмен жалғасса ғана дұрыс болатындығын баян етеді. Екі сөз өнерінің өкілі де білім мен еңбектің адам өміріндегі маңызды орындарын атап, құдайлық бағытпен жас ұрпақты дұрыс жолға бағыттауға шақырады. Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріліп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» [6, 433]. Бұл пікірінде де ғалым өз кезеңіндегі қаламгерлік ғылыми майданның қуаты арқылы халыққа оқудың, білімнің, еңбектің маңыздылығын түсіндіреді.

Оқытудың әдістемелік негіздері турасында өлеңнің басты идеясын тақырыбын, мазмұнын оқушы танымына сәйкес түсіндіруден бастау мақсатқа жеткізеді. Сондай-ақ шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы табиғат, еңбек, оқуды байланыстыра айту да оқыту әдістемесінің бастапқы алғышарттарына жатады. Өлеңді оқытудағы міндеттерді танымдық, дамытушылық, тәрбиелік деп аталатын бөліктер аясында ұйымдастыру өлеңді дұрыс талдай алуға бағыттайды.

«Оқуға шақыру» өлеңін жас ұрпаққа оқыту барысында түсіндірме әдісін қолдану арқылы нәтижеге жете аламыз. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы турасында қысқаша ақпарат беру, өлеңнің тарихы туралы айту оқушыны өлеңді жүйелі түрде оқуына құлшынысын оятады. Өлеңнің тақырыбына сәйкес оқу мен еңбек турасындағы жылпылама сұрақ тізбегін ұйымдастыру да түсінуге бақытталатын жұмыстар тобына жатады. Табиғаттағы түрлі тіршілік иелерінің еңбек етуін сипаттайтын суреттер мен бейнежазбаларды көрсету жылдам түсінуді жетілдіреді. Сонымен қатар талқылау, мәнерлеп оқу және шығармашылық әдістер оның ішінде эссе, әңгіме, өлең жазу жанрлары арқылы өлеңді оқушының жүрегіне ұялата аламыз.

Оқытудың әдістемелік негіздері өлеңнің басты идеясын, тақырыбын және мазмұнын оқушы танымына сәйкес түсіндіруден бастауға негізделеді. Сондай-ақ, шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы табиғат, еңбек және оқуды байланыстыра айту оқыту әдістемесінің бастапқы алғышарттарына жатады. Өлеңді оқытудағы міндеттерді танымдық, дамытушылық, тәрбиелік деп аталатын бөліктер аясында ұйымдастыру өлеңді дұрыс талдай алуға бағыттайды.

«Оқуға шақыру» өлеңін жас ұрпаққа оқыту барысында түсіндірме әдісін қолдану арқылы нәтижеге жете аламыз. Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығы туралы қысқаша ақпарат беру, өлеңнің тарихын баяндау оқушының өлеңді жүйелі түрде оқуына құлшынысын оятады. Өлеңнің тақырыбына сәйкес оқу мен еңбек турасында қысқа сұрақтар тізбегін ұйымдастыру да түсінуге бағытталған жұмыстар қатарына жатады. Табиғаттағы түрлі тіршілік иелерінің еңбек етуін сипаттайтын суреттер мен бейнежазбаларды көрсету түсінуді жылдам жетілдіреді. Сонымен қатар, талқылау, мәнерлеп оқу және шығармашылық әдістер, оның ішінде эссе, әңгіме, өлең жазу жанрларын пайдалану арқылы өлеңді оқушының жүрегіне ұялата аламыз.

Ахмет Байтұрсынұлының «Оқуға шақыру» өлеңі балалар поэзиясының жанрлық ерекшеліктерін айқындай отырып, еңбек пен білімнің маңыздылығын насихаттайды. Өлеңнің тәрбиелік, дидактикалық және эстетикалық қырлары жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды сіңіруге зор ықпал етеді. Сонымен бірге, өлеңді оқыту әдістемесінде шығармашылық, көрнекілік және салыстыру әдіс-тәсілдері оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруға септігін тигізеді. Ахмет Байтұрсынұлының бұл шығармасы – қазақ балалар әдебиеті мен ұлттық тәрбиенің алтын қазығы болып ұрпақтар сабақтасығы арқылы жас буынның жадында жаңғыра бермек.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынұлы А. Оқуға шақыру. – Қарағанды: «Qasym баспа үйі», 2022. – 182 б.
2. Әбу Насыр әл-Фараби. «Музыка туралы үлкен кітап». Аударған: Ж. Сандыбаев. – Алматы: «Колор», 2008. – 751 б.
3. Әл-Фараби. Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат // Әдебиеттануға кіріспе / Құраст. С. Мақыпов. – Алматы, 1991.
4. Алтынсарин Б. Өнер-білім бар жұрттар: өлеңдер, әңгімелер, очерктер, хаттар және естеліктер / [құраст. С. Мақыпов, ред. С. Мәметов]... – Алматы : Жалын, 1991. - 238 б.
5. Сөз сарасы [Мәтін] : тіл туралы қазақ афоризмдері) / ... – Астана : Сардар, 2009. – 160 б.
6. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1998.

Ж.Б.Саткенова

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Ж.Серікқызы

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология факультетінің 1-курс докторанты
Қазақстан, Алматы қ.*

САНДЫҚ КОММУНИКАЦИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Аннотация. В статье рассматриваются место и роль казахского языка в цифровых коммуникациях, а также влияние современных информационных технологий и интернета на развитие казахского языка. В условиях современного информационного общества, с увеличением значения цифровых коммуникаций, облегчением обмена информацией через интернет, социальные сети и мобильные приложения, открываются возможности для более широкого использования казахского языка. Однако по-прежнему существуют проблемы, такие как недостаточное количество и качество контента на казахском языке, терминологические проблемы и технические сложности. Для решения этих вопросов необходимо стимулировать профессионалов и предпринимателей, а также развивать новые технологии и лексический запас. Будущее казахского языка в цифровом пространстве выглядит перспективным, и он играет важную роль в процессе цифровизации и его развитии.

Abstract. The article discusses the place and role of the Kazakh language in digital communications, as well as the impact of modern information technologies and the internet on the development of the Kazakh language. In the context of the modern information society, with the growing significance of digital communication, and the ease of exchanging information through the internet, social networks, and mobile applications, there are increasing opportunities for the wider use of the Kazakh language. However, there are still challenges, such as the insufficient quantity and quality of content in Kazakh, terminological issues, and technical difficulties. To address these problems, it is necessary to encourage professionals and entrepreneurs, as well as to develop new technologies and expand the language's vocabulary. The future of the Kazakh language in the digital space looks promising, and it plays an important role in the process of digitalization and its development.

Қазіргі ақпараттық қоғамда сандық коммуникацияның рөлі күн санап артып келеді. Интернет, әлеуметтік желілер мен мобильді қосымшалар арқылы адамдар бір-бірімен жылдам әрі тиімді байланыс орнатып, ақпарат алмасу мүмкіндіктері кеңейді. Бұл үдеріс тілдер мен мәдениеттердің өзара ықпалдасуына жол ашып, әлемдік ақпарат алаңында әр халықтың өз тілін дамытуға ықпал етеді. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына жолдауында: «Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы» [1] – дейді. Қазақ тілі де бұл трансформациядан тыс қалмай, сандық кеңістікте белсенді түрде қолданыс тауып келеді. Қазақ тілінің қазіргі заманғы сандық коммуникациядағы орны мен рөлі ерекше назар аударуға тұрарлық.

Қазақ тілі сандық әлемде алғашында үлкен қиындықтарға тап болды. Интернеттің алғашқы кезеңдерінде қазақ тіліндегі контенттің аздығы, кирил қарпі мен латын әліпбиіндегі мәселелер және сандық технологиялардың жетіспеушілігі қазақ тілінің кеңінен қолданылуына кедергі келтірді. Бірақ, соңғы жылдары бұл мәселе біртіндеп шешілуде.

Біріншіден, мемлекет тарапынан қазақ тілін цифрлық кеңістікте дамытуға бағытталған бірқатар шаралар қабылданды. 2017 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын бекітті. «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдардың бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір